

Тақырыбы:

■ Еңбекті
қорғаудың
қағидалары



Жоспар:


1. Еңбекті қорғаудың түсінігі
2. Еңбекті қорғаудың
қағидалары
3. Қауіпсіз еңбекті ұйымдастырудың
негізгі принциптері:

Еңбекті қорғау



Еңбекті қорғау – бұл қызметкерлердің еңбек процесі барысында еңбекпен қорғалуын, яғни олардың өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ететін, өндірістегі қауіпті жағдайларды, кәсіптік зияндарды болдырмау және оқис жағдайлардың алдын-алу шараларын жасайтын, оқытатын, зерттейтін пән. Яғни, Еңбек құқығының бір институты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің



- 5-бөлімі,
- 33-тарауының 306-бабында тоқталып, еңбекті қорғауға былай анықтама берілген,
- Еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-алдын алу, оңалту және өзге де іс-шаралары мен құралдарын қамтитын, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі қағидалар

- 1) Өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты алғанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- 2) Қызметкердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсерінің қайтымсыз салдарына жол бермеу;
- 3) Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықтарын қорғауға мемлекеттің кепілдік беруі;
- 4) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау арқылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында бірыңғай талаптарды белгілеу;
- 5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі қағидалар

- 6) уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері және жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету;
- 7) еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттың жариялылығы, толымдылығы және дұрыстығы;
- 8) мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге мемлекеттің қатысуы;
- 9) қызметкерлер өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларынан тұратын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысуы.

Қауіпсіз еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптері:



- 1. Бағдарлау- дегеніміз негізгі идеялар жиынтығы бола тұра қауіпсіз еңбектің басты бағыттарын айқындайды және методологиялық, хабарлау негізгі болады. Техникалық- физикалық ережелер мен заң-дарға сүйене отырып қауіпті факторларды жоюға негізделген

Қауіпсіз еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптері:



- 2. Басқару-жұмыстың жекелеген сатысында немесе кезеңінде еңбек қауіптілігін азайтуға негізделген.

Қауіпсіз еңбекті ұйымдастырудың негізгі принциптері:



- *3. Ұйымдастыру-
еңбекті
ұйымдастыруды
ҒЫЛЫМИ
ЖОЛМЕН
басқаруға
негізделген.*

Назарларыңызға рахмет!